



# Ембі ТЫНЫСЫ

№9 (114)  
ҚЫРКҮЙЕК  
2023 ЖЫЛ

«ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ

## БІЗДІҢ МИССИЯМЫЗ:

Біз әлеуметтік және бизнес мүдделердің тепе-теңдігін сақтау арқылы компания жұмысшыларына тұрақтылықты, акционерлерге тиімділікті қамтамасыз ету үшін мұнай мен газды өндіреміз.

## Республика күні құтты болсын!

ҚАДІРМЕНДІ ЕМБІЛІКТЕР, САЛА АРДАГЕРЛЕРІ!  
БАРШАҢЫЗДЫ РЕСПУБЛИКА КҮНІМЕН ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Бұл – рухты көтеретін, елдікті нығайтатын, бірлікті бекемдеп, ынтымақты арттыратын мереке.

Тарихқа зер салсақ, 1990 жылдың 25 қазанында Қазақстанның егемендік алғаны туралы декларация қабылдануы нәтижесінде нақты міндеттер айқындалып, тәуелсіздікке жол ашылды. Сондықтан, тарихи құжаттың мәңгілігі зор.

Бытырдан бастап, бұл мейрам қайта жанданды. Осылайша, егемендігіміздің мәртебесін көтеретін ұлттық мерекемен қайта қауыштық.

Егемендіктен асқан құндылық жоқ. Демек, тәуелсіз еліміздің басты мерекесі – Республика күні.

Тәуелсіздікке қол жеткізуіміздің арқасында қазақ ұлты әлемге танылды. Осының айғағындай, қазіргі таңда егемен еліміз көптеген салалар бойынша алдыңғы қатарда. Соның ішінде «қара алтын» өндіру ісіне сүбелі үлес қосып жүрген ембіліктердің еңбегін де айрықша атауға тұрарлық. Алдыңғы буын ардагер мұнайшылар салған ізді жалғап, ғасырлық белесті бағындырған Ембі өндірісінің келешегі кемел, болашағы жарқын болуы жолында тер төгіп жүрген сала қызметкерлерінің табысты еңбегі – ел дамуының көрсеткіштерінің бірі.

Мереке құтты болсын! Баршаңызға зор денсаулық, бақ-береке тілейміз! Отбасыларыңыз аман, қызметтеріңіз табысты болсын!

Еліміздің егемендігі баянды болсын!

«Ембімұнайгаз» АҚ басшылығы

### ЖОСПАРЛЫ ЖҰМЫСТАР ОРЫНДАЛУЫМЕН ҚҰНДЫ



→ 3

### ПРИНЦИП ОТБОРА – МЕРИТОКРАТИЯ



→ 4-5

### ӘЛЕУМЕТТІК КОДЕКСТІҢ ЖАҢАШЫЛДЫҒЫ НЕДЕ?



→ 6



## М.Мырзағалиев DeGolyer and MacNaughton басшылығымен келіссөз жүргізді

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма Төрағасы Мағзұм Мырзағалиев DeGolyer and MacNaughton бас директоры Джон Уоллеспен және бас директордың техникалық мәселелер жөніндегі орынбасары Энди Хааспен кездесті.

Тараптар жыл сайын ҚМГ-нің көмірсутек қорына SPE-PRMS халықаралық стандартына сай жүргізілетін тәуелсіз аудит бойынша ынтымақтастық мәселелерін талқылады. Соңғы жылдардағы бағалау нәтижелері

қор көлемінің ұлғайғанын және ҚМГ кен орындарында мұнай мен конденсат өндіру көлемі бір деңгейде сақталғанын көрсетеді. Одан бөлек, DeGolyer and MacNaughton және ҚМГ компанияның сарқылған кен орындарындағы қорларды ұлғайту мүмкіндігін талдау мен анықтау саласында бірлесе жұмыс істейді.

Компания басшылары 2024 жылға арналған ортақ жоспарларға да тоқталып өтті. «ҚМГ мен D&M арасындағы ынтымақтастық – оң тәжірибе көрінісі. Алдағы жылдары біз қорларды толықтыру және ҚМГ кен орындарында өндіру тиімділігін арттыру жолында

бірлесе жұмыс істейміз», - деп атап өтті М.Мырзағалиев.

Анықтама: DeGolyer and MacNaughton – мұнай-газ саласында қызмет көрсететін жетекші тәуелсіз консалтингтік фирма. Ұсынатын қызметтері қатарына ресурстарды бағалау, қорлар бойынша кеңес беру, дамуды модельдеу, геологиялық және петрофизикалық деректерді талдау, дамуды жоспарлау, қаржылық есепті дайындауға көмектесу және жаңа көмірсутек кеніштерінің табылуы бойынша қаржылық болжамдар кіреді. Компанияның бүкіл әлем бойынша кеңселері бар, онда 180-нен астам мұнай мамандары, соның



ішінде, инженерлер, геологтар, геофизиктер және 30-дан астам тілде сөйлейтін экономистер жұмыс істейді.

SPE-PRMS (Petroleum Resources Management System) –

көмірсутек қорларын бағалаудың халықаралық жүйесі. Жүйе мұнай мен газды анықтау мүмкіндігін, оған қоса игерудің экономикалық тиімділігін есептейді.

<https://www.kmg.kz>

## «Талас» және «Ембі» Парсы шығанағына шықты



«Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС-не тиесілі екі сүйреткіш кеме – «Талас» және «Ембі» Парсы шығанағында жұмыс істеуге дайын.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ мен Abu Dhabi Ports Group (БАӘ) арасындағы ынтымақтастықты кеңейту аясында қос компанияның еншілес мекемелері –

Қазақтеңізкөлікфлоты мен OFCO Offshore International қазақстандық сүйреткіш кемелерді жалға беруге үш жылдық келісімшарт жасасты.

Биыл жазда қазақстандық экипажбен бірге бұл екі кеме Каспий теңізінен Ресейдің су жолдары, түрік бұғаздары, Суэц каналы және Аден шығанағы арқылы 52 күндік ұзақ сапар шегіп, 5000 теңіз миль (шамамен 9 500 км) еңсеріп, Парсы шығанағына жетті. Буксирлер Әмірліктегі Абу-Даби өңірінің (Әл-Галлан және

Дас аралдары) оффшор жобаларына жұмылдырылады. Сонымен бірге, жақын арада Парсы шығанағына «Ырғыз» атты үшінші сүйреткіш жөнелтілетін болады.

Жалпы, буксирлерді жалға беру «Қазақтеңізкөлікфлоты» ұлттық теңіз кеме қатынасы компаниясына Парсы шығанағының теңізде қызмет көрсету нарығына шығуға, табысын арттыруға және тәжірибе алмасуға мүмкіндік береді.

<https://www.kmg.kz>

## Самұрық-Қазына мен «ЭксонМобил Қазақстан» ынтымақтастығын кеңейтуде



Қор басшылығы Қазақстандағы ЭксонМобил басқарушы директоры Сесиль Ролинмен кездесу өткізді. Тараптар Теңіз, Солтүстік Каспий жобаларының іске асырылу барысын және Каспий құбыр консорциумын пайдалану мәселелерін талқылады. Сондай-ақ «QazaqGaz» ҰК АҚ-мен бірлесіп, газ саласындағы ынтымақтастықты дамыту перспективалары талқыланды.

«ЭксонМобил – біздің бұрыннан келе жатқан сенімді серіктесіміз, еліміздің мұнай-газ саласындағы ірі инвесторлардың бірі. «Самұрық-Қазына» қоры ЭксонМобилдің үлесін жоғары бағалап, ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға өзінің адалдығын білдіреді», - деп атап өтті Нұрлан Жақыпов.

Анықтама үшін: «ЭксонМобил» - энергетика және мұнай-химия өнеркәсібі секторында көшбасшы орын алатын ірі халықаралық мұнай-газ компаниясы. Компания Қазақстанда өз қызметін 1993 жылы бастады, Республикадағы мұнай жобаларына алғашқы ірі инвесторлардың бірі болды. Компанияның:

- Теңіз кен орнын игеретін «Теңізшевройл» ЖШС-ға қатысу үлесі - 25%;
- Қашаған кен орнын қамтитын Солтүстік Каспий бойынша Өнімді бөлу туралы келісім шеңберінде - 16,81%;
- Каспий құбыр консорциумында - 7,5%.

<https://sk.kz>





«Ембімұнайгаз» АҚ-ның өндірістік-құрылымдық бөлімшелерінің өкілдері, мұнай-газ өндіру басқармаларының басшылары, кәсіподақ комитеттері төрағаларының қатысуымен өткен «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директоры Сәбит Арыновтың есепті жиынында 2023 жылдың 8 айындағы Компания жұмысының нәтижелері мен алдағы міндеттемелері аталды.

## ЖОСПАРЛЫ ЖҰМЫСТАР орындалуымен құнды



ЕМГ үшін негізгі стратегиялық бағыт болып саналатын еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау саласында жыл басынан бері позитивті, оң динамика қалыптасқан. Бас директор өз сөзін де осыдан бастады.

Мұнай және газ өндірушілердің халықаралық қауымдастығы (IOGP) және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ параметрлері бойынша қауіпсіздіктің негізгі көрсеткіштері бұл мәселеге ембіліктердің белсенді қатысуы мен көшбасшылығын көрсетеді.

- 100 миллион адам-сағатқа шаққандағы өлім көрсеткіші нөлге тең. Тіркелген жол-көлік оқиғаларының көрсеткіші де осындай, - деген Компания басшысы ЕМГ ұжымы бұл үрдісті болашақта да сақтайтынына сенім білдірді. Ол сондай-ақ, өндірістік қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау бойынша барлық талаптарды сөзсіз орындау тұрғысынан Компанияның кен орындарындағы мердігерлердің қызметін күшейтуге назар аударды.

Биылғы 8 айда «Ембімұнайгаздың» өндірістік секторында да оң ахуал қалыптасты. Мұнай өндіру жоспары 100,4%, мұнай тапсыру жоспары 100,9%-ға орындалды. Ұйымдастыру-техникалық шараларын жүзеге асыру аясында қарастырылып отырған кезеңде өнім игерудегі 25 ұңғымалар бұрғыланып, іске қосылды, нәтижесінде қосымша 29 мың тоннадан астам мұнай өндірілді.

Қоғамның 2023 жылға арналған күрделі құрылыс жоспарында: 28 нысанның құрылысы қарастырылған, оның 23-і өндірістік және 5-і әлеуметтік. Солардың қатарында Қарсақ кен орнындағы 100 орындық асхана мен Прорва мұнай-газ өндіру цехы әкімшілік ғимаратының құрылысы бастау алса, биылғы жылдың аяғына дейін «Каспий самалы» вахталық қалашығындағы көріздік тазарту қондырғысын және Аққұдық кен орнындағы жатақхана мен асхананы қайта жаңғыртуды аяқтау жоспарда.

Бұған қоса, 63 нысанды жөндеу, 43 ұңғыманы жайғастыру, кен орындары бойынша 60 шақырымға жуық сұйықтық жинау және тасымалдау жүйелерін ауыстыру және қайта құру – жоспарлы іс-шаралар қатарында.

Есепті кезеңде ембілік геологтар «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-нан «Тайсойған-1» және «Тайсойған-2» учаскелерінде жер қойнауын пайдалануға келісімшарттар алу бойынша ауқымды жұмыстар атқарды. Аталған аумақтардағы геологиялық барлау жобалары әзірленіп, бекіту және қоғамдық тыңдау өткізу үшін бақылаушы органдарға жіберілді.

2023 жылдың 8 айында ЕМГ 94 229 миллион теңге салықтар мен бюджетке төлемдер төледі, ішкі нарықта сатып алулардың айтарлықтай көлемін жүзеге асырды, бұл Қазақстан экономикасы мен бизнесінің тұрақтылығына елеулі қолдау көрсету шарасы болып табылады.

«Ембімұнайгаз» АҚ Бас директоры Сәбит Арынов компанияның даму тұжырымдамасы туралы айта отырып, 5 стратегиялық бағытты

атап өтті: қолданыстағы және жаңа келісімшарттар бойынша геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу; қолданыстағы кен орындарын қосымша барлау; жаңа активтерді сатып алу; қолданыстағы кен орындарының тиімділігін арттыру; газ бизнесін дамыту және энергия тиімділігін арттыру.

– Ұзақ мерзімді ресурстық базаны қалыптастыру және қорларды ұлғайту үшін 2027 жылға дейін жыл сайынғы мұнай өндіруді 2,8 миллион тонна деңгейінде қамтамасыз ету осы жоспарларды іске асырудың нәтижесі болуы тиіс. Мұның бәрі «Ембімұнайгаз» компаниясына перспективасы аз актив ретіндегі көзқарасты түбегейлі өзгертуі керек», - деді Сәбит Арынов.

Сонымен қатар, Бас директор «Ембімұнайгаз» қызметкерлеріне әлеуметтік қолдау көрсету, олардың денсаулығын сақтау, тиісті еңбек жағдайын жасау және кәсіби деңгейін арттыру, персоналды дамыту және ынталандыру, Ембі жұмысшыларының біліктілігін арттыру және еңбекақысын төлеу басымдық болып қала беретінін атап өтті.

Бытыр қазан айында ҚМГ Басқармасымен 2022-2031 жылдарға арналған ҚМГ стратегиялық картасы бекітілді. Оның аясында еншілес ұйымдар соның ішінде ЕМГ үшін айқындалған корпоративті және функционалды нәтижелерді жария етіп, негізгі міндеттерді де атап өтті.

Жиында ілеспе газды дайындау қондырғыларына қатысты аппараттар да келтірілді. Бұл бағыттағы ең ірі жоба – Прорва кен алаңдары тобындағы жылдық қуаты 150 млн. м3 құрайтын ілеспе газды кешенді дайындау қондырғысы. Сонымен қатар, «Жайықмұнайгаз» МГӨ басқармасының С.Балғымбаев кен алаңындағы қуаттылығы 20 млн. м3 және «Доссормұнайгаз» МГӨ басқармасының «Шығыс Мақат» кен алаңындағы жылдық қуаты 40 млн. м3 құрайтын газ дайындау қондырғыларын атауға болады. Соңғы аталған екі қондырғыда өңделген газ арқылы Компания облыстағы 3 аудан: Исатай, Мақат және Қызылқоға аудандарын қамтып отырғанын атаған Компания басшысы қондырғылардың тоқтамауы қажеттігін де қаперге берді.

Есепті жиын барысында персоналдарды басқару және дамыту бағытындағы негізгі іс-шаралар да айтылды. «Ембімұнайгаз» АҚ кадрларды оқыту, өндірістегі жұмысқа рұқсат беру үшін міндетті курстардан өткізу мәселесіне басымдық береді. Мысалы, биылғы 8 айда: міндетті қауіпсіздік курстары бойынша – 2859, «Қауіпсіз еңбек мәдениеті» курсы – 2782, жұмысты қауіпсіз орындаудың міндетті талаптары бойынша – 166 қызметкер оқытылса, 289 қызметкер жұмысшы мамандықтар бойынша оқудан және қайта даярлаудан өтті.

Жыл басынан бері 158 инженерлік-техникалық құрам қызметкерлері біліктілігін арттырудан, оның ішінде техникалық бағыттар бойынша семинарлар мен бизнес-тренингтер, MBA бағдарламалары, модульдік бағдарламалардан өтті.

«Самұрық-Қазына» АҚ іске қосқан модульдік бағдарламалардың қатысушылары қатарында ембіліктер де бар. Жастарға арналған «Жеті қадам» бағдарламасы бойынша 2, ІР мамандарын даярлау бағдарламасына 2 адам, ІР мамандарын даярлау бағдарламасына – 6 адам қатысуда.

Бұған қоса, мұнай-газ саласы үшін кәсіби кадрларды даярлау мақсатында «Ембімұнайгаз» АҚ 2015 жылы студенттерді дуальды оқыту жүйесінің пилоттық жобасын іске қосты. Осылайша, 2015-2022 жылдар аралығында аталған бағдарлама бойынша 242 студент «Қайнармұнайгаз», «Жылыоймұнайгаз», «Жайықмұнайгаз», «Доссормұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармаларының кен орындарында, «Ембімұнайэнерго» басқармасында дайындықтан өтіп, дуальды оқыған 82 стажер компанияға жұмысқа алынды. «Ұңғымаларды зерттеу операторы», «Мұнай және газ өндіру операторы», химиялық талдау лаборанты, электр жабдықтарын жөндеу және техникалық қызмет көрсету электромонтері мамандықтары бойынша білім алып жатқан 65 студент дайындықтан өтуде.

Сондай-ақ, Компанияның өндірістік алаңдарында студенттер жыл сайын өндірістік тәжірибеден өтеді, осылайша 2023 жылдың 8 айында өндірістік-құрылымдық бөлімшелер және «Ембімұнайгаз» АҚ орталық аппаратында 174 студент өндірістік/диплом алды тәжірибеден өтті.

Есепті жиын соңында «Ембімұнайгаз» АҚ кәсіподақ ұйымының төрағасы Болат Нсанбаев өндірістік-құрылымдық бөлімшелердің кәсіподақ ұйымдары төрағалары және Компанияның Бас директорының қатысуымен жыл басынан бері 5 кездесу өткізілгенін атап, басқосуларда өндірісте еңбек ететін қызметкерлердің өтініш, ұсыныстарына негізделген мәселелер қарастырылғанын жеткізді. «Қазан, қараша айларында мұнай-газ өндіру басқармаларын аралап, ұжыммен кездесулерді жалғастыру жоспарда. Айта кету керек, басқосуларда көтерілген көптеген сауалдар шешімін тапса, кейбірі әлі де талқыланды» деді ол.

Жол – қауіпсіздіктің кепілі. Осы мәселеге қатысты сауал жолдаған «Қайнармұнайгаз» МГӨ басқармасы Кенбай мұнай-газ өндіру цехы бастығының орынбасары Бақтығали Қаймышев ішкі-сыртқы жол мәселесін көтерді. «Ақтөбе-Атырау тас жолының бойынан Кенбай кен орнына дейін 25 шақырымдай жер. Салынғалы жөндеу көрмеген, темір жол көпірінің де жағдайы сын көтермейді» дей келе, салауатты өмір салтын ұстанатын жандар үшін денешынықтыру-сауықтыру кешенін салу мәселесінің оңтайлы шешілуін де тілге тиек етті. Компания басшысы аталған мәселелердің екеуі де жоспарлы іс-шаралар қатарында екенін жеткізді.

Есепті басқосу соңында жылдың аяқталуына аз уақыт қалғанын атаған «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директоры Сәбит Арынов алда тұрған міндеттерді толық орындап, жылды табысты жабуға шақырды.





В разных компаниях по-разному решаются вопросы отбора кандидатов и назначений на руководящие должности. В АО «Эмбаунайгаз» предпочитают опираться, главным образом, на собственные кадровые ресурсы – работников, выросших в стенах предприятия, хорошо знающих специфику работы и доказавших свой профессионализм.

Это подтверждает статистика Компании, где в 2022 году 88 работников были перемещены на более высокие должности посредством внутреннего отбора, новые назначения получили 30 кандидатов из кадрового резерва. В рамках ротации 198 человек были переведены на другие рабочие специальности, 75 работников повысили разряды по своей специальности.

Существующие возможности для карьерного роста закреплены на предприятии отдельным документом – «Правилами подбора и отбора кандидатов на должности руководителей, специалистов и других служащих», которые были разработаны в соответствии с корпоративным стандартом управления человеческими ресурсами АО «Самрук-Казына».

Для разъяснения Правил и других социальных вопросов специалисты департаментов управления персоналом и оплаты труда, социальной политики и административного обеспечения АО «Эмбаунайгаз» проводят встречи с трудовыми коллективами производственных структурных подразделений и управлений.

По словам директора департамента управления персоналом и оплаты труда Бекета Губайдулина, кадровые вопросы на Эмбе решаются с учетом трудовых заслуг,

опыта и образовательного уровня работников, то есть по принципу меритократии, на основе единых требований в группе компаний «Самрук-Казына». Старший специалист по кадрам департамента управления персоналом и оплаты труда Ардак Аупбаева провела презентацию Правил, в доступной форме разъяснила нефтяникам порядок проведения подбора и отбора, внутреннего и внешнего поиска кандидатов на вакантные должности.

Кроме этого, была освещена Социальная программа по подготовке кадров, которая была разработана в целях обеспечения потребности производства АО «Эмбаунайгаз». Напомним, что основной целью программы является поддержка детей работников, чьи семьи относятся к социально уязвимой категории, путем обучения их в профильных местных колледжах (Атырауский политехнический колледж им. С.Мукашева; Макацкий технологический колледж нефти



и газа; Жылыойский технологический колледж нефти и газа им.С.Утебаева, Высший колледж АРЕС PetroTechnic), а также своевременная подготовка кадров согласно потребности производства. Работники, которые долгое время были заняты на работах с вредными

условиями труда также смогут воспользоваться этой программой. Кроме этого, рассматривается возможность участия в ней детей пенсионеров «Эмбаунайгаза». (Подробно о Социальной программе мы рассказывали в «Эмбі тынысы» № 3).

В ходе встречи работники производственных структурных подразделений задали много вопросов о повышении квалификации, оплате труда, медицинском страховании, обучении детей в вузах и подготовке новых кадров, и получили на них исчерпывающие разъяснения.



НГДУ «Доссормұнайгаз»



## Үміткерлерді тандау және іріктеу өткізудің тәртібі



### ӨТІНІМ

Бос жұмыс орынға қажеттілігі туындап отырған бөлімше HR-қызметімен келісе отырып, лауазымдық нұсқамаға сәйкес, үміткерді тандауға және іріктеуге өтінім дайындайды



### ҮМІТКЕРЛЕР

Бос жұмыс орын жарияланады, үміткерлерден түйіндеме жиналады және түйндемелер скрининг жасалып жұмыс тәжірибесі, білімі, сертификаттары қаралып үміткерлердің тізімі жасалады



### ТАНДАУ

Комиссия үміткерлердің тізімін қарайды, үміткерлердің біліктілік талаптарына сәйкестігін тексереді, сұхбаттасу жүргізіп, кәсіби тесттен өту үшін неғұрлым өтінім талаптарына сәйкес, үміткерлердің тізімін жасайды



### ІРІКТЕУ

HR-қызметі үміткерлерді кәсіби тесттен өткізеді

Ерекшелік: жұмысшы мамандықтар іріктеуінде үміткердің практикалық машығы да тексеріледі



### ШЕШІМ

Комиссия бағалау процедурасының нәтижесі бойынша соңғы үміткерді анықтайды.

**Ішкі іздеу** – кадрлық резерв, «Эмбімұнайгаз» АҚ-ның қызметкерлері арасынан, [www.work.kmg.kz](http://www.work.kmg.kz) порталы арқылы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның компаниялар тобының қызметкерлері арасынан;

**Сыртқы іздеу** - [www.qsamruk.kz](http://www.qsamruk.kz) және [www.enbek.kz](http://www.enbek.kz) порталдары арқылы

**Сыртқы іздеу** - жұмысшы позицияларына – [www.emba.kz](http://www.emba.kz)

**Басымдылық:** жұмысшы позицияларына компанияда дуалды оқу жүйесімен оқыған студенттер



# МЕРИТОКРАТИЯ

**Куандык КОНАНОВ,**  
мастер по добыче нефти и газа  
ЦАНГ №1 Ботахан:



«Раньше я работал механиком цеха по добыче нефти и газа. Освоив эту специальность и набравшись опыта, решил, что нужно совершенствоваться и расти дальше. И когда объявили внутренний поиск на позицию мастера, согласно «Правилам подбора и отбора кандидатов на должности руководителей, специалистов и других служащих», я откликнулся на данную вакансию. Меня пригласили на тестирование, где я набрал более 60% баллов, то есть преодолел проходной порог. И вот, работаю мастером. Осваиваю новый участок работы, пополняю знания. Будем идти дальше».



**Мейрамбек ТУРЕМУРАТОВ,**  
слесарь-ремонтник 4 разряда  
(МРСУ) ЦПРС НГДУ «Жайык-  
мунайгаз»:

«Я работал слесарем – ремонтником в составе бригады ПРС. И наш руководитель Исабек Мухамбетов всегда информировал нас о имеющихся вакансиях. Так я узнал о внутреннем поиске на позицию инженера – технолога ЦПРС. Откликнулся на вакансию, после прошел собеседование у главного инженера и тестирование, где набрал 62% балла. Все прошел сам, опираясь только на собственные силы и знания».



**Кемел ТАЖИГАЛИЕВ,**  
инженер-энергетик НГДУ «Кайнармунайгаз»:



«В сфере обслуживания энергообъектов «Эмбаунайгаза» я работаю с 2005 года. Начиная электромонтером. В 2018 году перевели мастером на ЭСР месторождения Восточный Молдабек, а в 2020 году – на месторождение Б.Жоламанов. Как-то на служебную почту пришло объявление о внутреннем поиске кандидатов на позицию инженера-энергетика в НГДУ «Кайнармунайгаз». Недолго думая, откликнулся на данную позицию и вскоре меня пригласили на тестирование. Кроме меня было еще три кандидата. Я набрал 64% балла и прошел на должность инженера-энергетика. Так что, если есть стремление расти дальше и убежденность в своих знаниях, то не нужно бояться, а смело идти к своей цели».

**Мурат ТУЛЕПОВ,**  
заместитель начальника цеха по подготовке и перекачке  
нефти Кенбай:



«Свою трудовую деятельность я начинал здесь, в НГДУ «Кайнармунайгаз» слесарем-ремонтником, потом был оператором, мастером участка по подготовке и перекачке нефти и газа на месторождении Б.Жоламанов, оператором ДНГ на месторождениях УАЗ и Кондыбай, заместителем начальника отделения по поддержанию пластового давления цеха Кенбай, инженером – технологом. Знал, что я был поставлен в кадровый резерв на должность заместителя начальника цеха по подготовке и перекачке нефти Кенбай. И вот в марте текущего года моя кандидатура была рассмотрена из кадрового резерва на вакансию заместителя начальника цеха по подготовке и перекачке нефти Кенбай. В течении 10 дней готовился к тестированию. Нас было три кандидата на эту должность. Конечно, в первые минуты тестирования было волнение, но я заставил себя взять в руки, собрался и набрал самое высокое количество баллов – 90%. Думаю, что помогли опыт и знания. Быть заместителем начальника цеха по подготовке и перекачке нефти - это не только высокая позиция, но и ответственная, прежде всего, не говоря о производственных вопросах, это управление человеческими ресурсами, умение находить с коллективом не только общий, но и конструктивный язык. Преодолеваю этот барьер, уверен, что все будет хорошо. «Правила подбора и отбора кандидатов на должности руководителей, специалистов и других служащих» действительно работают, главное, нужно иметь знания и быть уверенным в своем профессионализме».

**Аскер ДАУЛЕТБАЕВ,**  
руководитель группы по ведению учета и отчетности УПТОиКО:

С 2016 года я работал материальным бухгалтером в УПТОиКО. В 2020 году, согласно «Правилам подбора и отбора кандидатов на должности руководителей, специалистов и других служащих», после сдачи теста прошел на должность старшего бухгалтера, а в 2021 году,

когда образовалась вакансия руководителя группы, я вновь сдал тест и поднялся еще на позицию выше. Поэтому, я считаю, что в нашей компании имеются возможности для профессионального роста. Главное, нужно обладать знаниями по своей специальности».



НГДУ «Кайнармунайгаз»




НГДУ «Жайыкмунайгаз»



## КАК ТРУДНОИЗВЛЕКАЕМЫЕ ЗАПАСЫ НЕФТИ СДЕЛАТЬ ДОСТУПНЫМИ?

Одной из технологий, применяемых для вовлечения в разработку низкопроницаемых, неоднородных коллекторов, так называемых трудноизвлекаемых запасов нефти, является гидравлический разрыв пласта (ГРП). Данная методика применяется на месторождениях АО «Эмбамунайгаз» (ЭМГ) с 2000-х годов. Если учесть, что трудноизвлекаемые запасы нефти составляют порядка 30% от остаточных извлекаемых запасов ЭМГ, то ГРП является ключевым методом интенсификации добычи для выработки данных запасов.



Пример дизайна распространения трещины (м/р Актобе)

Технология ГРП заключается в создании высокопроницаемой трещины за счет закачки в пласт жидкости (геля) под высоким давлением и заполнение её пропантом. Созданная высокопроницаемая трещина увеличивает область дренирования пласта, соответственно увеличивается дебит скважин и конечный коэффициент извлечения нефти (КИН). Для достижения положительных результатов необходимо грамотно подойти к работе по каждой скважине, так как всегда присутствуют геологические и технологические риски. Геологические риски, в основном, связаны с определением высоты и длины создаваемых трещин, которые могут прорваться в нецелевые пласты.

Для снижения данных рисков перед каждой работой подготавливается дизайн ГРП, который уточняется по результатам проведения мини-ГРП.

Технологические риски включают в себя слаженность работы оборудования, высокое давление (поверхностное давление от 150

до 400 атм.), возможные осложнения во время ГРП, а также риски, связанные с техническим состоянием скважин. Для минимизации рисков перед каждым ГРП проводится тщательная ревизия состояния скважин, используемого оборудования, необходимые тестовые закачки и инструктаж задействованного персонала.

Активное применение данной технологии пришлось на 2005-2017 годы, тогда ГРП проводился в триасовых горизонтах месторождений С.Нуржанов, Западная Прорва и Юго-Восточный Новобогатинск.

С 2018 года ЭМГ в целях вовлечения ранее незадействованных запасов и масштабирования технологии ГРП, совместно с ТОО «КМГ Инжиниринг» начало опытно-промышленные испытания на других месторождениях и объектах, где ранее ГРП не проводился (Валанжинский горизонт м/р С.Нуржанов, триасовые горизонты м/р В.Макад, С.Котыртас и юрский горизонт м/р Ботахан). В последующем также добавились

юрские горизонты м/р Актобе и Досмухамбетовское.

В результате успешных опытно-промышленных испытаний, технология ГРП была внедрена в промышленных объемах на Валанжинском горизонте м/р С.Нуржанов, триасовом горизонте м/р В.Макад. Также хороший эффект был получен по месторождениям Досмухамбетовское и Актобе. В связи с этим, в текущем году на этих двух месторождениях запланировано бурение горизонтальных скважин с многостадийными ГРП (5 стадий и 10 стадий).

В целом, с 2018 года проведено 62 ГРП и 5 МГРП на месторождениях «Эмбамунайгаза». В результате, среднесуточный прирост по дебиту нефти на одну скважину составил 9,4 тн/сут. Накопленная дополнительная добыча нефти за 2022 год составила 22 тысячи тонн. В настоящее время технологией ГРП охвачено 8 месторождений, при этом ведутся работы по ее внедрению и на других месторождениях в целях поддержания ежегодного плана по добыче нефти.





График проведения ГРП



### АҒЫМДАҒЫ АҚПАРАТТАР

Діни сауаттылықты арттыру мақсатында «Ембімұнайгаз» АҚ орталық басқару аппараты ұжымының қатысуымен кездесу өтті.



## ТӘЛІМІ МОЛ ЖИЫН

Тәлімі мол жиынның спикерлерін таныстырған «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директоры Сәбит Арынов дін тақырыбының өте нәзік мәселе екенін атап, бұл басқосудың екіжақты тиімді боларына тілектестік білдірді.

Атырау облысының бас имамы

Қалмазұлы радикалды жат ағымдардан қорғану мақсатындағы облыс көлемінде атқарылып жатқан шаралардың нәтижесін нақты деректермен келтірді. Кездесу барысында ақпараттық түсіндіру тобының мүшелері «Дін және за-йырлы мемлекет» тақырыбында сөз



Алтынбек Ұтысханұлы ислам дінінің қағидааттары, салаға қатысты қазіргі қоғамда өткір тұрған кейбір мәселелер туралы айта келе, отбасылық құндылықтар, қазақы ұстанымдар мен наным-сенімдердің ислам дінімен ұқсастығын сабақтастыра әңгіме қозғады.

Дін маманы, теолог Ринат

қозғады.

Сонымен қатар, ұлттық құндылықтарды дәріптеудің ұрпақ тәрбиесіндегі ролі, жеке тұлға болып қалыптасудағы ізденістің маңызы тақырыптарында да сөз қозғалды. Сала мамандары қатысушыларға сауал жолдап, жауап бергендерге кітап сыйға тартты.

## ӘЛЕУМЕТТІК КОДЕКСТІҢ ЖАҢАШЫЛДЫҒЫ НЕДЕ?

Оның аясында қандай жаңа жобабастамалар жүзеге асады? Осы секілді мәселелер Атырау облысы жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының іске асырылып жатқан жобаларына сәйкес, «Ембімұнайгаз» АҚ алаңында өткен Қоғамға қарасты мердігер ұйым өкілдері қатысқан жиында кеңінен айтылды.



«Ембімұнайгаз» АҚ Бас директорының кадр және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары Гүлбану Шарафетдинованың қатысуымен өткен жиналыста ҚР Әлеуметтік Кодексіне енгізілген өзгерістер мен жаңашылдықтар таныстырылып, электронды еңбек биржасы, мемлекет тарапынан субсидияланатын жұмыс орындары мен квота санаттары туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Атырау облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының «Еңбек мобильді

орталығының» директоры Қайрат Омаров тақырыпқа қатысты негізгі мәселелерді түсіндіре келе, «Алғашқы жұмыс орны», «Жастар тәжірибесі», «Күміс жас» жобаларына тоқталды.

Сонымен қатар, облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының Халықты жұмыспен қамту бөлімінің бас маманы Дина Әбішева да өз сөзінде жұмыссыздықты жою бағытындағы облыс көлеміндегі шараларды атап өтті. Жиын соңында қатысушылар жолдаған сауалға орай, басқарма өкілдері түсінік берді.



ТАҒЫМ

# ТУҒАН ЖЕРІНЕ ТУ ТІККЕН

Есімі тек мұнайлы Мақатқа ғана емес, облыс көлемінде де танымал азамат Жеңіс Қанатбаев туралы осынау естелік жазбамды дайындау барысында мемлекеттік архивте сақталған құжаттарды негізге ала отырып, Қанатбаевтар әулетіне қатысты біраз деректі құжаттармен танысуыма тура келді.

XX ғасырдың басында мұнайлы Ембінің қазба байлығын игеру жұмыстары басталғаны тарихымыздан белгілі. Шетел кәсіпкерлері кен орындарын игеруге жергілікті тұрғындарды жұмысқа алды. Бірақ, оларды кәсіпшіліктегі ең ауыр жұмыстарға жекті.

Жылдар өте келе басында қара жұмыс атқарғандар мұнай табудың (бұрғылаудың), өндірудің кәсіби шебер мамандарына айналды. Мұнайшылар қатарынан тұтас әулеттер шоғыры қалыптаса бастады. Солардың қатарында Қанатбаевтар әулеті де болған-ды.

Үсен Қанатбаев 1896 жылы Қызықоға өңірінде дүниеге келген. 1914 жылы Доссордағы Орал-Каспий мұнай қоғамына бұрғылау жұмысшысы болып жұмысқа қабылданады.

Ресей большевиктері ұйымдастырған атақты Қазан төңкерісінен кейін Доссор, Мақат кен орындарынан мұнай өндіру жұмыстары тоқтатылып, жұмысшылар қатары қысқартылған соң Үсен Қанатбаев екі-үш жылдай жұмыссыз қалады да, өз шаруашылығымен айналысуға тура келеді.

Бұрғылау ісі қайта жанданған тұста 1922 жылы Доссорға оралып, бұрғышылық кәсібін жалғастырады. Үсен 1924-1928 жылдары тормозшы, 1928 жылдан бұрғышы қызметіне жоғарылатылады. Жеңістің атасы Ембі өңірінде айналма бұрғылау әдісін өндірісте тұңғыш қолданған бұрғылау шебері ретінде Бесбөлек, Ескене, Жыңғылды барлау партияларын басқарған азамат-тұғын.

Тәжірибелі маман ретінде трест басшылығы 1940 жылы Доссорда қызметін бастаған №16 ФЗО мектебінде өндірістік оқыту шебері лауазымына тағайындайды. Ал, 1944 жылы аталмыш мектеп №19 колөнер училищесі болып құрылғанда Үсен Қанатбаев Ы.Мусағалиев және басқа да әріптестерімен бірге училищенің іргетасын қалап, жүздеген шәкірттер тәрбиелеуге өз үлесін қосқан. Ұзақ жылғы еңбегі жоғары бағаланып, Ү.Қанатбаев Еңбек Қызыл Ту орденімен және көптеген медальдармен марапатталған.

Үсеннен Ержан, Бержан, Орынғали есімді ұрпақ тарайды. Үлкен ұлы Қанатбаев Ержан – 1915 жылы туған, Гурьев мұнай техникумының алғашқы түлектерінің бірі. 1937 жылдан Доссор мұнай кәсіпшілігінде еңбек жолын бастап, кәсіпшіліктің орталық есеп бөлімінде есепші, бас бухгалтердің орынбасары қызметтерін атқарады. 1946 жылы қайтыс болған.

Екінші баласы Бержан халық ағарту, білім саласында еңбек етті. Ол 1937 жылы Орал қаласындағы мұғалімдер курсын, 1938 жылы Пятигорск педагогикалық институтын бітірген. Ұлы Отан соғысына қатысқан. Бейбіт өмірде ұзақ жыл ұстаздық қызметте шәкірт тәрбиелеумен айналысты, мектеп басшысы болды. «Мақат ауданының Құрметті азаматы» атанды. Өзі директорылық қызмет атқарған Белинский атындағы білім ұясы қазір майдангер-ұстаз Бержан Қанатбаевтың есімімен аталады.

Кенже баласы Орынғали Үсенұлы (1931-1980 ж.ж.) өзінің еңбек жолын мұнайшылық кәсіпке арнаған, 1950 жылдан Доссордағы мұнай саласы мекемелерінде жұмыс жасады.

Қанатбаевтар әулетінің үшінші буын өкілдерінің бірі – Ержанұлы Жеңіс, өзі еңбек жолын бастаған Доссор автомобиль жөндеу зауытымен құрдас. Жеңіс мұнайшының отбасында 1944 жылдың сәуірінде дүниеге келсе, зауыт сол жылы күзде іске қосылды.

Аталған зауытта жөндеушінің үйренушісі болып жұмысын бастаған ол кәсіпорын басшысы лауазымына дейінгі сатылардан өтіп, өзінің еңбекқорлығымен, адамгершілігімен, талапшылығымен еңбек ұжымында абырой мен биік бедеге ие болды.

Мұнайшыларға қажетті арнаулы техникаларды жөндеумен, мұнай кәсіпшіліктері жабдықтары мен құралдарын жасаумен айналысты. Кейіннен, осында жүк тасымалдауға

арналған алты дөңгелекті ЗИС-50, ЗИС-150, ЗИС-355 автомобильдерін күрделі жөндеуден өткізуді игерді. Көліктік арнаулы тракторларды, оның қозғалтқыштарын жөндеуді де осында жолға қойды.

Жыл өткен сайын зауыттың қызмет ауқымы кеңейтіліп, жаңа жобалар іске қосылып жатты. Осы жылдары, нақтылап айтқанда, 1969 Жеңіс Гурьевтің политехникалық техникумын бітірді, Мәскеу қаласындағы Н.М.Шверник атындағы Бүкілодақтық жоғары кәсіподақтар мектебінде оқып, инженер-экономист мамандығын алды (1983ж.).

Зауыттың құрастыру цехының шебері, инженер-конструктор, арнаулы техника жөндеу цехының бастығы қызметтерін абыроймен атқарды. Өндіріске жаңа техникалар мен технологиялар енгізуге де қосқан үлесі аз емес.

Жетпісінші жылдары бұрынғы Одақтық мұнай-газ министрлігінің, бірлестіктерінің тапсырысымен жасалған өнімдер Қиыр Шығыстың Аляска, Камчатка өңірлеріне, Әзірбайжан, Татарстан елдеріне және басқа да аймақтарға жөнелтіліп жатты.

1988 жылы «Ембімұнай» бірлестігі Гурьевте Орталық өндірістік қызмет көрсету базасын құрғанда, зауыт осы базаның филиалына айналады. Үш жылдан кейін оған дербес Доссор өндірістік қызмет көрсету базасы мәртебесі беріледі.

Нарықтық экономиканың талаптарына сәйкес зауыт 2001 жылы жекешелендіріліп, «ДоссорМұнайМаш» ЖШС болып құрылымдық өзгеріске ұшырады. Ұжым «Қазақойл-Ембі» ААҚ филиалдары мен мұнай өндірумен шұғалданытын біріккен кәсіпорындардың, тағы да басқа құрылымдық бөлімшелердің тапсырыстарын уақытылы әрі сапалы орындап, сенімді серіктестікке айналады.

Жеңіс Ержанұлы осы іргелі кәсіпорынды



1995 жылдан зейнеткерлікке шыққанша басқарды. Ол кейін де зауыттың, ауданның қоғамдық-саяси өмірінен шет қалған жоқ.

Ұзақ жылғы ел алдында сіңірген еңбегі жоғары бағаланып, 1999 жылы Мемлекет басшысының Жарлығымен «Құрмет» орденін өңіріне тақты.

Бір кәсіпорында табан аудармастан елу жылға жуық еңбек етіп, 78-ға қараған шағында дүниеден өткен асыл азамат, абзал жан Жеңіс Қанатбаев пен қосағы Күләш Дәулетова алты ұл-қыз тәрбиелеп өсірді.

Үлкен әулеттің Үсен аталары бастаған мұнайшылық кәсібін бүгінгі ұрпақтары да сенімді жалғастыруда. Жеңісұлы Бағытжан мен Алтынбек те – мұнайшылар. Жеңіс Ержанұлының немерелері де бүгінде сонау Ембі мұнайының бастауында болған ата-бабаларының мұнайшылық кәсібін абыроймен жалғастыруда. Осылайша, XX ғасырдың басында алғаш «қара алтын» өнімін берген Доссорда еңбек жолын бастаған Қанатбаевтар әулетінің жалпы еңбек өтілі жүзжылдыққа жалғасады. Туған жеріне туын тігіп, шаңырағын биік ұстаған әулеттің ғасырдан астам ғұмыры кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге болары анық.

**Орал ДЕНГЕЛБАЕВ,  
ардагер-мұнайшы, өлкетанушы,  
Мақат ауданының  
Құрметті азаматы**



МЕРЕЙ

Қауіпсіздік саласы – аса маңызды бағыттардың бірі. Өйткені, адамдардың өмірі – біздің ең басты байлығымыз. Қауіпсіздік – тұрақты жұмыстың, өндірістік міндеттерді табысты шешудің, ұжымдағы жағымды ахуалдың кепілі. Соған сай, осы салада ұзақ жылдар бойы еңбек етіп жүрген сала мамандарының еңбегін бағалау – негізгі ұстанымдар қатарында.

*Еңбек еткен  
ерінбей...*



«Ембімұнайэнерго» басқармасының еңбекті және қоршаған ортаны қорғау тобының 1-саянаты еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі инженері Ағила Балғымбаева – аталған салада тер төгіп жүрген ембілік қызметкерлердің бірі. Еңбек жолын 1980 жылы «Ембімұнай» өндірістік бірлестігіне қарасты Прикаспий бұрғылау жұмыстары басқармасынан бастаған Ағила Ишімқызы 20 жылдан астам уақыттан бері «Ембімұнайэнерго» басқармасының қауіпсіздік саласында еңбек етіп келеді.

Осы лауазымдағы табысты қызметі арқылы тұтастай Қоғамның оң көрсеткіштерінің қалыптасуына үлес қосып отырған сала маманы өндірістік қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы корпоративтік мәдениетті қауіпсіз еңбек мәдениетін және халықаралық үздік практикаларды енгізу арқылы үнемі жетілдіруді көздеген «Ембімұнайгаз» АҚ негізгі ұстанымын жүзеге асыру жолында жұмыстануда.

Жылдар бойы өндірісте жарақаттар мен жазатайым оқиғаларды болдырмау жолында аянбай еңбектенумен қатар, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау төңірегіндегі нормативтік құжаттарды дайындау және енгізу ісіне де атсалысып жүргені – саладағы жылдар бойы жинаған бай тәжірибесі мен біліктілігінің жемісі. Соның нәтижесінде, әр жылдары қолданыста болған «Ембімұнайгаз» АҚ жұмысшыларының «Алтын ережелері», «Қауіпсіз іс-қимылды бақылау ережелерінің» «Ембімұнайэнерго» басқармасында кеңінен қолданылуы, мүлтіксіз сақталуы жолында өз білімі мен кәсіби шеберлігін сарп етуде. Бұған қоса, өндірісте техника қауіпсіздігін ұйымдастыру, күрделі қондырғылармен жұмыс кезіндегі нұсқамаларды қайта қарау, нормативтік құжаттар жобаларын, жұмысты қауіпсіз орындау, өрт қауіпсіздігі, еңбек қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау бойынша ережелер мен нұсқамаларды дайындауға да үлес қосуы – мол тәжірибесінің көрсеткіші.

«Әр қызметкердің жұмысқа келіп, кейін аман-есен үйіне оралуы – біздің негізгі мақсатымыз әрі сала қызметкерлері жұмысының көрсеткіші де осы. Қауіпсіздік талаптарына салғырт қарамау – аса маңызды. Көрсеткіштерді жақсарту жолындағы жұмыстардың бір ғана қызметкердің қолынан келмейтіні анық. Бұл бағыттағы кешенді іс-шаралардың Компания басшылығының жіті назарында тұрғаны, жетілдіре түсу жолындағы жұмыстардың жан-жақты қарастырылып, қолданысқа енгізіліп жатқаны қуантады» дейді Ағила Балғымбаева.

Кәсіби маманның еңбегі де ескерусіз емес. «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ Құрмет грамотасы, Алғыс хаты және басқарманың Алғыс хаты, «Қазақстан мұнайына - 120 жыл» мерекелік медалін иеленгені – бүгінде мерейлі 60 жасқа жеткен Ағила Ишімқызының еселі еңбегінің лайықты өтеуі.



## Байқау

## Конкурс

**«ҚазМұнайГаз» денсаулықты, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы тәжірибелер және үздік инновациялық идеялар атты қызметкерлер арасындағы байқау басталғанын хабарлайды.**

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компания топтары арасындағы денсаулықты, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы тәжірибелер және үздік инновациялық идеялар» байқауының басталғаны туралы хабарлайды. Байқауға қатысу үшін өтінішті толтырып және оны [annual.hse.award@kmg.kz](mailto:annual.hse.award@kmg.kz) электронды мекен-жайына жолдауыңызды сұраймыз.

2021 жылы ҚМГ өз қызметін декарбонизациялау міндеттемесін алды және осыған байланысты денсаулық, қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы идеялармен қатар, көміртегінің төмен деңгейін дамыту жобаларына өтінімдер қабылданды. Өндірістің энергия сыйымдылығы мен көміртегі сыйымдылығын азайту, жаңартылатын энергия көздерін пайдалану және парниктік газдар шығарындыларын азайту саласындағы идеяларды, жақсырақ есептеулер арқылы құптады.

Өтініштер 2023 жылдың 10 қазанға дейін қабылданады.

Тіркелгеннен кейін барлық өтінімдер іріктеуді бастау үшін ҚМГ компаниялар тобының тиісті ұйымдарына жіберіледі.

Байқауға ұсынылған идеяларды комиссия мынадай үш деңгейде қарастырады: бірінші деңгей – ҚМГ компания топтарының ұйымдары, екінші деңгей – ҚМГ құрылымдық бөлімшелері, үшінші деңгей – ҚМГ топ-менеджменті.

9 және одан жоғары бағаға ие болған өтініштер арасынан ең үздік деген 3 жеңімпазды анықтағанға дейін, комиссияның келесі өтінішті қарау деңгейіне өтеді.

## ИДЕЯНЫ БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ:

1. ӨК, ЕКЖҚОҚ салаларында көрсетілген Көшбасшылық.
2. ҚМГ барлық компания топтарына көшіру мүмкіндіктері – идеяны/тәжірибені жүзеге асыру және жаппай енгізу мүмкіндіктері.
3. Өзіндік құнды, тәуекелдер деңгейін төмендету есебінде құндылықтарды жоғарылату, төтенше оқиғаларға жол бермеу және салдарлар үшін жауапкершілікті алдын алу.

Байқау қорытындысы бойынша 1, 2 және 3-орындарды иеленген үшінші турдың жеңімпаздарына келесі марапаттар мен сыйлықтар беріледі:

- 1-орын – Құрмет грамотасы және 500 АЕК ақшалай сыйлық.
- 2-орын – Құрмет грамотасы және 300 АЕК ақшалай сыйлық.
- 3-орын – Құрмет грамотасы және 100 АЕК ақшалай сыйлық.

Байқау жеңімпаздарын марапаттау рәсімі Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні мерекесі қарсаңында өткізіледі.

**«ҚазМұнайГаз» объявляет о конкурсе среди сотрудников на лучшие инновационные идеи и практики в области охраны здоровья, труда и окружающей среды.**

АО НК «ҚазМұнайГаз» объявляет о старте конкурса конкурсе «Лучшие инновационные идеи и практики в области охраны здоровья, труда и окружающей среды группы компаний».

Для участия в конкурсе необходимо заполнить заявку и отправить на электронный адрес [annual.hse.award@kmg.kz](mailto:annual.hse.award@kmg.kz).

Отметим, что в 2021 году КМГ взяла на себя обязательства о декарбонизации деятельности, в связи с чем, наряду с идеями в области охраны здоровья, труда и окружающей среды, принимаются заявки по проектам для низкоуглеродного развития. Приветствуются идеи, желательны с расчетами, в области снижения энергоёмкости и углеродоемкости производства, использования возобновляемых источников энергии, снижения выбросов парниковых газов.

Заявки принимаются до 10 октября 2023 года.

После регистрации все заявки будут направлены в соответствующие организации группы компаний КМГ для начала процесса отбора.

Идеи будут рассмотрены комиссиями трех уровней: первый уровень – организации группы компаний КМГ, второй уровень – структурные подразделения КМГ, третий уровень – топ-менеджмент КМГ.

Каждая заявка, получившая оценку 9 и выше, переходит на рассмотрение комиссией следующего уровня до определения 3 заявок победителей.

## ОСНОВНЫЕ КРИТЕРИИ ОЦЕНКИ ИДЕЙ:

1. Лидерство, продемонстрированное в сфере ПБ, ОТ и ОС.
2. Возможность переноса на все компании группы КМГ – возможность масштабного внедрения и реализации идеи/практики.
3. Повышение ценности за счет снижения себестоимости, уровня рисков, недопущения инцидентов и предотвращения ответственности за последствия.

По итогам конкурса победители третьего тура, занявшие 1, 2 и 3 места, будут удостоены следующих наград:

- 1 место - Почетная грамота и 500 МРП.
- 2 место - Почетная грамота и 300 МРП.
- 3 место - Почетная грамота и 100 МРП.

Церемония награждения будет приурочена ко Дню Независимости Республики Казахстан.

Мұнай-газ саласындағы жұмысшы кәсіптерінің беделін арттыру, озық тәжірибелі мамандарды анықтау, кәсіби деңгей мен теориялық даярлықты пысықтау мақсатын көздеген «Үздік маман-2023» байқауы мәреге жетті. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобы қызметкерлері арасында «Қаражанбасмұнай» АҚ базасында 13-18 қыркүйек аралығында өткізілген шеберлік байқауына «Ембімұнайгаз» АҚ-ның мамандары да қатысты.

## ҮЗДІК МАМАН-2023:

## Жеңімпаздар анықталды

«Ембімұнайгаз» АҚ бойынша өткен «Үздік маман-2023» байқауының екінші кезеңінде жеңіске жетіп, үздік атанған 25 қызметкер 16 жұмысшы кәсібі бойынша ақтық сайыста бақ сынады. Нәтижесінде 17 аталым бойынша бақ сынаған 150-ден астам қатысушы арасынан қоғамның 14 қызметкері 5 жұмысшы мамандығы бойынша жүлделі орындарға ие болды.

Ұңғымаларды жерасты жөндеу бригадалары арасындағы сайыста 2-орынға «Қайнармұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының операторлары Арман Қасанов, Болат Тәттібаев, Манарбек Ахмеджанов, Абат Имашев ие болды.

«Жылыоймұнайгаз» МГӨБ операторы Ғани Ерғали мен «Жайықмұнайгаз» МГӨБ операторы Нұрлан Сапаров (тауарлы) мұнай дайындау операторлары арасында 2-орын иегерлері атанды.

Цементтеу агрегатының машинистері Айболат Рахманов («Доссормұнайгаз» МГӨБ) және Мақсат Беркалиев («Жылыоймұнайгаз» МГӨБ) – 3-орын иегерлері.



«Доссормұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасынан қатысқан темір жолшы Нұрсейіт Қоңырбаев 3-орынға ие болды.

Ұңғымаларды күрделі жөндеу бригадасы Мұрат Қазиев, Ерлан Нұршаханов, Тобабек Тунишов, Жәнібек Сәрсембаев, Тұрлан Аманязов («Доссормұнайгаз» МГӨБ) – 3-орын иегерлері атанды.

## САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ

## «ЖҮГІРУ ЖАС ТАҢДАМАЙДЫ»



Таяуда қалалық әкімдіктің қолдауымен Атырау қаласы күніне орай VI Annual Atyrau Marathon өтті. Жыл сайын ұйымдастырылатын дәстүрлі спорттық долаға 1000-нан астам марафоншы қатысып, 5, 10, 21 және 42 шақырым қашықтықтар бойынша жүгірді. Аймақта 6 жылдан бері ұйымдастырылып келе жатқан сайыс қатысушыларының қатарында ембіліктер де болды. Солардың бірі – «Қайнармұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасы еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік бөлімі бастығының орынбасары Мұрат Биғалиев.

«Бұл – менің марафонға бірінші рет қатысуым. Салауатты өмір салтын жаппай насихаттау мақсатындағы бұқаралық шараның берері мол болды. Жастарымыз шамалас, жүгіруді серік еткен жаңа таныстармен ортам толды. Ал, ең бастысы, жастар арасында үлкен қолдауға ие екенін көріп, қуандым» дейді Мұрат Аққалиұлы бізбен әңгімесінде.

Кәсіби емес спорт түрімен айналысып, 9 жыл бойы жүгіруді әдетке айналдырған әріптесіміз - VI Annual Atyrau Marathon «60+» категориясы бойынша 5 шақырымға жүгірушілер арасынан 3-ші болып, мәре сызығын кесті.

«Жалпы, марафон өтетіні туралы естігелі бері, іштей дайындалып, қатысуға бел будым. Ал, тіркеу басталған кезде алғашқылардың қатарында жазылдым. Негізі, кешегі марафон барысында шарты айтылған кезде, жас категориясы бойынша уақытқа жүгіру туралы анық айтылмады. Сол үшін, жарыс деп қабылдамастан, өз мүмкіндіктерімді сынау мақсатында ғана жүгіріп, мәреге жеттім. Ал, негізінде үшінші орыннан да жоғары нәтижеге жетуге күшім де, мүмкіндігім де әлі жеткілікті еді» дейді спортты серік еткен әріптесіміз.

Күнделікті ерте тұру және таңғы жаттығуларды жасау. Мұрат Аққалиұлының – айнамайтын өмірлік ұстанымдары осындай. Мұнай-газ өндіру басқармасындағы жауапты жұмысы арқылы кейінгі жастарға үлгі болуымен қатар, салауатты өмір салтын ұстануы арқылы да – көпке өнеге.

«Салауатты өмір салтын ұстануды насихаттау арқылы дені сау ұлт, ұрпақ қалыптасады. Жұмыстағы әріптес, жастарды жүгіруге тартумен қатар, отбасым мүшелеріне де үлгі болып келемін» деген М.Биғалиев алдағы уақытта да марафондарды жібермеуге тырысатынын айтты.

## «Ембі тынысы»

газетін осы QR код арқылы да оқи аласыздар.



## РЕДАКЦИЯДАН:

Жоғарыда аталған БАЙҚАУға қатысу үшін арнайы үлгідегі өтінішті толтыру қажет. Осы және өзге де сауалдар бойынша Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаменті Өндірістік қауіпсіздік бөлімінің аға инженері Айдос Ерғалиевке хабарласуға болады.

**БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНДАРЫ: 99-31-97/21497**

**Меншік иесі: «Ембімұнайгаз» АҚ**

**Шығарушы:**  
**Қоғаммен байланыс тобы**

Газет ҚР Ақпарат және коммуникация министрлігінің Ақпарат комитетінен мемлекеттік тіркеуден өтіп, 2018 жылғы 23 желтоқсанда N17430-Г куәлігі берілді.

Газет айына 1 рет шығады.

**Таралымы** – 3500 дана.

**Редакцияның мекен-жайы:** Атырау қ. Ш. Уәлиханов көш., 1.

**Хат-материалдарды төмендегі мекен-жайға жолдай аласыздар:**

Ғ.Қаражанова – 8 (7122) 99-34-21; 21-121.  
[G.Karajanova@emg.kmgp.kz](mailto:G.Karajanova@emg.kmgp.kz)

И.Сатылғанова – 8 (7122) 99-34-66, 21-166  
[I.Satylganova@emg.kmgp.kz](mailto:I.Satylganova@emg.kmgp.kz)

Г.Әмірова – 8 (7122) 99-32-09, 21-309  
[G.Amirova@emg.kmgp.kz](mailto:G.Amirova@emg.kmgp.kz)

**Баспахана:** «Реформа» ЖШС

**Мекен-жайы:** Алматы қаласы

## РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:

**М.Елеусінов** – Бас директордың өндіріс жөніндегі орынбасары;  
**Р.Тасмағамбетова** – Бас директордың экономика және қаржы жөніндегі орынбасары;

**Г.Шарафетдинова** – Бас директордың кадр және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары;

**Қ.Сақтағанов** – Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі бас техникалық басшы;

**А.Кенжехорұлы** – Аппарат жетекшісі;

**Қ.Тулеушов** – Мұнай және газ өндіру департаментінің директоры;

**Ғ.Қаражанова** – Қоғаммен байланыс тобының жетекшісі;

**Ж.Дәуітов** – «Жас мамандар» кеңесінің төрағасы.